

БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ОБРАЗОВАНИЯ THEORY AND PRACTICE OF EDUCATION

<https://doi.org/10.31489/2024Ped1/6-12>

ӨЖ 37.018

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15 қазан 2023 | Қабылданған күні: 10 қаңтар 2024

Ж.А. Карманова¹, С.М. Абылайхан¹, Г.Б. Бейсенбекова¹, Г.К. Бельгибаева¹, М.К. Ельшина^{1*}

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: m.yelshina@mail.ru)

ORCID 0000-0001-5077-8345, 30000-0001-7182-2022,
40000-0002-6890-6680, 50000-0001-9887-0706, 0000-0003-3912-3959

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру

Мақалада мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Адамгершілік тәрбие мәселесі бүгінгі күнге дейін өзекті және зерттеуде кең таралған мәселелердің бірі болды десек, онда бүгінгі қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі адамгершілік мәдениеті қалыптасқан жеке тұлғаға білім беру жүйесінде қойылатын әлеуметтік сұраныстарды және балаларды адамгершілік құндылықтар жүйесімен таныстыру қажеттілігін анықтайтын маңызды құндылықтардың бірі. Адамгершілік мәдениеттің қалыптасуы адамның адамгершілік жағынан өзін-өзі тәрбиелеу процесінің нәтижесі болып табылады. Авторлар әртүрлі психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі «адамгершілік мәдениет» түсінігіне берілген әртүрлі анықтамалар мен көзқарастарға талдау жасаған. В.А. Сластенин, И.Ф. Харламов және т.б. көптеген танымал психологтер мен педагогтер адамгершілік мәдениеттің мәнін жеке адамгершілік нормаларын, принциптерін, категорияларын, мұраттарын игеру және қабылдау деп түсінеді, сонымен бірге оның басқа адамдарға, өзіне, өзінің еңбегіне, табиғатқа деген белгілі бір қатынастарын білдіреді. Сондай-ақ, авторлар мектеп жасына дейінгі ересек кезеңін адамгершілік мәдениеттің қалыптасуына сезімтал кезеңі деп санайды. Ғалым В.А. Сухомлинскийдің пайымдауынша адамгершілік көзқарастардың өзгермейтін негізі балалық шақта пайда болады деп есептейді. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар адамгершілік талаптар мен ережелерді саналы түрде түсіне бастайды, өз әрекеттерінің салдарын болжай алады. Мақалада мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік мәдениетін зерттеу әдістемелері мен адамгершілік қасиеттердің даму деңгейлерінің көрсеткіштері анықталып, зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды тұжырымдар жасалды.

Кілт сөздер: адамгершілік, адамгершілік тәрбие, өзін-өзі тәрбиелеу, сезімтал кезеңі, адамгершілік қасиеттер, адамгершілік сана, адамгершілік мәдениет, жеке тұлғаның адамгершілік мәдениеті.

Кіріспе

Қазіргі кезде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудағы басты міндет — жас ұрпаққа адамгершілік мәдениетін арттыру болып отыр. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында» мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру керек делінген болатын [1]. Осыған орай, баланың адамгершілік мәдениеті адамдарға адамгершілікпен қарауға негізделген және олардың қоғамның адамгершілік тәжірибесін қаншалықты меңгергендігін көрсетеді. Ол баланың мінез-құлқы мен айналасындағы адамдармен қарым-қатынасынан көрініс табады. Адамгершілік мәдениетін тәрбиелеу арқылы біз балаларды жалпыадамзаттық және этикалық адамгершілік құндылықтарға баулимыз. Олардың бойында адамгершілік

тұрғысынан өзін-өзі тәрбиелеуге деген мотивациясын қалыптастырамыз. Өзін-өзі тәрбиелеу — бұл баланың адамға және оны қоршап тұрған барлық нәрселерге нақты қарым-қатынас жүйесінің мақсатты дамуы. Адамгершілік мәдениеттің қалыптасуы адамның адамгершілік жағынан өзін-өзі тәрбиелеу процесінің нәтижесі болып табылады. Әр адамға тән жеке тұлғасының мәдениеті адамдар арасындағы қарым-қатынастың барлық формалары мен түрлерінен көрінетіндіктен, бұл біздің бүкіл қоғамымыздың негізін құрайды.

Мектепке дейінгі ересек кезеңі айналадағы адамдарға деген құрмет, толеранттылық, отансүйгіштік, қоршаған табиғатты сүю және бағалау, өз іс-әрекеттеріне жауап беру сияқты жеке қасиеттердің қалыптасуына неғұрлым сезімтал кезеңі екенін ескере отырып, қазіргі заманғы мектепке дейінгі ұйымның бала дамуына айтарлықтай әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі ретінде қарастыруды қажет етеді. Өйткені, мінез-құлық пен іс-әрекеттің тетіктерін дамытудағы, жалпы мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұлғасының қалыптасуындағы ең маңызды кезең болып табылады. Соның ішінде, бұл мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың психикалық және эмоционалды-ерікті дамуында, мотивациялық салада, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынаста болатын үлкен өзгерістерге де, адамгершілік тәрбиесінің қол жеткізілген деңгейіне де байланысты. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар адамгершілік талаптар мен ережелерді саналы түрде түсіне бастайды, өз әрекеттерінің салдарын болжай алады. Егер кіші мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық ситуациялық тұрғыда болса, ал ересек жастағы балаларда мақсатты және саналы болады. Сондықтан да, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілерінің назарын тәрбиеленушілердің адамгершілік даму мәселелеріне аударған жөн.

Алайда, жеке тұлғаның адамгершілік қалыптасуында мектепке дейінгі шақ өте маңызды кезең болып табылады. Адамгершілік тәрбиесі педагогикалық әсердің арқасында өтеді, балалар ойын және оқу іс-әрекеті процесінде адамгершілік нормаларымен танысады. Баланың өзін-өзі бағалауын арттыру; іс-әрекеттерге, сезімдерге, іс-әрекетіне талдау жасау қабілетін дамыту; балаларды өз отбасын сүйуге және құрметтеуге, отбасына, Отанына қамқорлық жасауға; отбасының, елдің адамгершілік және мәдени дәстүрлерін сақтауға және байытуға ұмтылуға үйрету өте маңызды. Сонымен қатар, жеке тұлғаның адамгершілік дамуы баланың рухани-адамгершілік идеяларын кеңейтуге; адамгершілік сананы; тәрбиеленушілердің практикалық «адамгершілік» әрекетін дамыту сияқты мәселелерді шешу шеңберінде практикалық іс-әрекеттің осындай міндеттерін шешетін құндылықтарды қалыптастыруды білдіреді. Осы кезеңде балаларда өзін-өзі танудың сыни деңгейі және мінез-құлықты ерікті реттеу қалыптасады. Бұл балада оның ішкі позициясы — өзіне, адамдарға, айналасындағыларға жеткілікті тұрақты қарым-қатынас жүйесінің қалыптасуымен сипатталады. Баланың ішкі ұстанымы одан әрі оның бойында табандылықпен, тәуелсіздікпен және мақсаттылықпен көрінетін көптеген басқа, негізінен ерікті, жеке қасиеттердің қалыптасуы мен дамуына түрткі болады.

Зерттеліп отырған мәселе Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, Л.И. Божович, А.В. Запорожец, Я.З. Неверович және тағы басқалардың еңбектерінде көрініс тапты, этикалық сатылардың, адамгершілік нормаларының пайда болуы мен қалыптасуының уақыты дәл осы мектепке дейінгі кезең болып саналады. Сонымен бірге, біз қарастырып отырған мәселеге ғылыми тұрғыдан талдау жасасақ онда, психолог, ғалым В.С. Мухина мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуындағы ең маңызды рөл мінез-құлық мотивтеріне бағыну қабілетінің қалыптасуы екенін атап өтті. Дұрыс тәрбие жағдайында 5 жастағы балалар өздерінің мінез-құлқына адамгершілік мотивтерге сүйену қабілетін дамытады, бұл адамның адамгершілік бағытының негіздерінің қалыптасуына әкеледі. Бұл процесте мектепке дейінгі ересек жаста мазмұны жағынан бай және ауқымды болатын дамып келе жатқан адамгершілік сезімдер маңызды рөл атқарады. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар үшін өз сезімдерін саналы түрде басқару мүмкіндігі үлкен қиындық тудырады. Осыған байланысты, балалардың мінез-құлық тәрбиешінің үнемі назарын талап етеді [2].

В.А. Сухомлинскийдің пайымдауынша адамгершілік көзқарастардың өзгермейтін негізі балалық шақта пайда болады деп есептейді. Баланың адамгершілік құндылықтарды түсінбей тұрып, адамгершілік мәдениетті қалыптастыруда өте маңызды болып табылатын патриоттық сезімдерді дамыту жүзеге аспайды [3].

Ғылыми педагогиканың негізін қалаушылардың бірі И.Ф. Герберт педагогика мәселелерін дамыта отырып: «Тәрбиенің бірыңғай міндеті толығымен бір сөзбен — адамгершілікпен көрсетілуі мүмкін», — деп жазған болатын. В.Г. Белинский, А.И. Герцен, А.Н. Радищев секілді ғалымдар адамгершілікті дамыту мәселесіне үлкен қызығушылық танытты және адамгершілікті адам тұлғасының үйлесімді және жан-жақты қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырды [4].

К.Д. Ушинский тұлғаның дамуындағы адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығын нақты және толық ашып көрсетті. Ол өз еңбегінде: «адамгершілік ақыл–ой дамуының қажетті салдары емес екеніне, сонымен қатар, адамгершілік ықпал жалпы ақыл–ойды дамытудан да маңызды тәрбиенің ең басты міндеті екеніне сенімдіміз», – деп тұжырым жасаған [5].

Әр түрлі авторлардың зерттеулерін талдау (Л.С. Выготский, Т.П. Гаврилова, Е.А. Киянченко, М.И. Лисина) мектепке дейінгі жастағы балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру құралдары ретінде әртүрлі іс-әрекет түрлері: ойын, оқу, қарым-қатынасты атап көрсетті. В.Г. Нечаеваның, Т.А. Маркованың, Н.В. Мельникованың, Р.В. Овчарованың пікірінше, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда өнердің рөлі ерекше.

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында адамгершілік тәрбие базасына мынадай қағидаттар негізделуі керек: тәрбиенің гуманистік бағыты (педагог тәрбиеленушіге өз дамуының субъектісі ретінде тең қарауы керек); табиғатқа сәйкестігі (адамның дамуының жалпы заңдарымен үйлесімділігі — оның жынысы мен жасына сәйкес); мәдени сәйкестігі (білім беруді бала өмір сүріп жатқан аймақтың нормаларына, құндылықтарына, дәстүрлеріне сәйкес құру).

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, адамгершілік мәдениет — бала кезден қалыптасады деуге болады. В.А. Сластенин, И.Ф. Харламов және т.б. көптеген танымал психологтер мен педагогтер адамгершілік мәдениеттің мәнін жеке адамгершілік нормаларын, принциптерін, категорияларын, мұраттарын игеру және қабылдау деп түсінеді, сонымен бірге оның басқа адамдарға, өзіне, өзінің еңбегіне, табиғатқа деген белгілі бір қатынастарын білдіреді.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда адамгершілік мәдениет негіздері көрінісінің критерийлері төмендегідей:

- адамгершілік сана мен адамгершілік құзыреттіліктің даму дәрежесі;
- адамгершілік сезімдер мен адамгершілік қатынастардың көрінісі;
- адамгершілік мінез-құлықты жүзеге асыру;
- рефлексияның даму дәрежесі [6].

Адамгершілік мәдениетті қалыптастыру процесі адамның рухани дамуының нәтижесі ретінде қарастырылады және адамгершілік құндылықтарды игеру деңгейімен, оларды құруға адамның қатысуымен сипатталады. Адамгершілік мәдениет адамның адамгершілік нормалардың талаптарын саналы түрде орындау, жеке сенімдер мен қоғамдық мүдделерге сәйкес мінез-құлықты көрсету қабілетінде көрінеді. Адамгершілік мәдениет — бұл адамның адамгершілік дамуы мен жетілуінің сапалық сипаттамасы.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Аталған мәселені зерттеудің негізгі әдістері мәдениет деңгейі, оның ішінде адамгершілік мәдениет деңгейін түсіну үшін әртүрлі зерттеу тәсілдерін қарастыруға мүмкіндік беретін салыстырмалы, ғылыми дерек көздерін талдау, нақтылау сияқты жалпы теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері алынды. Адамгершілік тәрбие және мәдениет туралы іргелі зерттеулердің тұжырымдамаларымен сипатталды.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда адамгершілік мәдениеті дамуын зерттеу үшін педагогикалық диагностиканың келесі әдістемелерін қолдандық. Атап айтсақ: О.С. Богданованың «Мен қандаймын?» әдістемесі (өзгертілген нұсқасы). Мақсаты: мектепке дейінгі ересек жастағы баланың адамгершілік қасиеттері мен мәдениетінің деңгейін анықтау. Нұсқаулық: балаларға әртүрлі адамгершілік қасиеттерді бейнелейтін иллюстрацияларды таңдау және олардың қасиеттеріне сәйкес қораптарға орналастыру ұсынылады. Ақ қорапта — оң қасиеттер, қара қорапта — теріс қасиеттер.

«Сюжеттік суреттер» әдісі (Р.М. Калининаның өзгертілген нұсқасы). Адамгершілік мәдениет дамуының когнитивті (танымдық) компонентінің деңгейін анықтау. Мақсаты: мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда адамгершілік түсініктер туралы білімді зерттеу. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған суреттерде олардың сипаттамаларына қарама-қарсы адамгершілік нормалар көрсетілген. Нұсқаулық: балаларға әртүрлі жағдайларды бейнелейтін суреттер таратылады. «Мен балаларға түрлі суреттер ұсынамын. Балалар өздеріне жақсы ұнайтын және жаман суреттерді таңдайды». Әр жұп суретті ұсынғаннан кейін балаға сұрақ қойылады: «Неге бұлай ойлайсың?». Бірінші тапсырманы орындағаннан кейін, мектепке дейінгі ересек жастағы балалар кезек-кезек ІІ, ІІІ, V жұптардың суреттерін орналастырады және келесі сұрақтарға жауап беру ұсынылады: «Олар не сезінеді деп ойлайсың? Бұл суреттегі адамдардың көңіл-күйі қандай? Неліктен?».

Нәтижелері мен оларды талқылау

Экспериментке Қарағанды қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына баратын 4-5 жастағы 25 бала қатысты: оның ішінде 14 ұл мен 11 қыз бала. Зерттеуге дейін тәрбиешілермен әңгіме жүргізілді, мақсаты — тәрбиеленушілердің әлеуметтік мәртебесін, балалардың ерекшеліктерін анықтау. Сонымен қатар, жүргізілген әдістемелердің нәтижелері бойынша, 25 баланың 5-і берілген тапсырмаларды өте жылдам және жоғары деңгейде орындады. Бұл балалар ұсынылған тапсырманы тез орындады, барлық ұсынылған иллюстрацияларды тиісті түсті қораптарға оңай таратып, ересек адамның көмегіне жүгінбеді. Мектепке дейінгі ересек жастағы 11 балаға сұрақтарға жауап беру қиынға соқты, кейбір иллюстрацияларды ұзақ уақыт тарата алмады, бірақ соңында олар тапсырманы сәтті орындады. Зерттелуші 9 бала өз іс-әрекеттеріне күмәнданып, ересек адамның көмегіне жүгініп, таңдауларын бірнеше рет түзетіп отырды, осылайша басқа балаларға қарағанда тапсырманы орындауға көп уақыт кетті. Алынған зерттеу нәтижелері бойынша мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік мәдениетінің қалыптасу деңгейінің % көрсеткіші жоғары, орташа, төмен. Ол 1-кестеде ұсынылды.

1 - к е с т е

**Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік мәдениетінің қалыптасу деңгейінің
% көрсеткіші**

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік мәдениетінің қалыптасу деңгейі	Зерттелушілердің % көрсеткіші
Жоғары	20 %
Орташа	44 %
Төмен	36 %

Берілген кестеде көрсетілгендей мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік мәдениетінің жоғары көрсеткіші 20% болса, адамгершілік мәдениеттің орташа деңгейін балалардың 44% құрады. Ал, балалардың 36% адамгершілік мәдениетінің төмен деңгейін көрсетті. Берілген әдістемелердің нәтижелері балалардың қандай адамгершілік нормаларды игергенін, басқа адамдардың сезімдерінің ерекшеліктерін қаншалықты түсінетінін анықтауға және адамгершілік нормалар мен ережелерді игерудің үш деңгейлерін бөліп қарастыруға мүмкіндік берді.

Адамгершілік мәдениеттің жоғары деңгейі ересек мектеп жасына дейінгі баланың мейірімділік, қарапайымдылық, үнемшілдік секілді адамгершілік сезімдер мен қасиеттерді толықтай түсінуімен, қарапайым адамгершілік түсініктерге ие болуымен және қабылданған адамгершілік нормаларды үнемі сақтауымен сипатталады.

Адамгершілік мәдениеттің орташа деңгейі мектепке дейінгі ересек жастағы баланың мейірімділік, қарапайымдылық, үнемшілдік секілді адамгершілік сезімдер мен қасиеттерді жеткілікті түсінуімен қарапайым адамгершілік түсініктерге ие болуымен және қабылданған адамгершілік нормаларды сақтауымен сипатталады.

Адамгершілік мәдениеттің төменгі деңгейі мектепке дейінгі ересек жастағы баланың адамгершілік сезімдер мен қасиеттерді ішінара түсінуімен, қарапайым адамгершілік түсініктерге ие емес және қабылданған адамгершілік нормаларды жиі бұзуымен сипатталады.

Балалардың адамгершілік мәдениетінің анықталған деңгейлері адамгершілік түсініктердің әр қилы дәрежесімен және олардың нақты әрекеттердегі қатынасымен ерекшеленеді.

Сонымен, мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда адамгершілік мәдениетінің орташа және төменгі деңгейі басымырақ болды. Бұл мәселені шешу үшін педагог-тәрбиешілердің мақсатты және әдістемелік жұмысын ұйымдастыру қажет. Балаларға өзінің және өзгелердің мінез-құлқын түсінуге, дұрыс бағалауға, мейірімділік, қамқорлық, сыйластық көрсетуге үйрету керек. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік мәдениетінің негіздерін қалыптастырудың нақты практикалық міндеттері мектепке дейінгі ұйымдарды оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнында, атап айтқанда, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік мәдениетінің негіздерін қалыптастыру технологиясын енгізуде көрініс табуы тиіс [7].

Алынған мәліметтер мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда бірқатар психологиялық-педагогикалық шарттарды құру қажеттілігін көрсетеді. Біріншіден, балалармен көркем әдебиеттің әр түрлі жанрларын оқуды ұйымдастыру (өлең, ертегі, әңгіме, мақал-мәтелдер) мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік мәдениетінің негіздерін

калыптастыру процесі тиімдірек болады деп болжауға болады. М.М. Кони́на балалардың жан-жақты тәрбиесі мен дамуындағы көркем әдебиеттің маңыздылығын атап өтеді. Оның жұмысының негізгі ұстанымы: көркем әдебиет — бұл мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік дағдыларын қалыптастыруда ерекше орын алатын және оның балаларға тәрбиелік әсерін күшейтуге тиімді ықпал ететін арнайы әдістемелік әдістерді қолдануды талап ететін өнердің ерекше түрі [8].

Екіншіден, тұлғаның адамгершілік мәдениетінің негіздерін қалыптастыру үшін ата-аналармен өзара әрекеттесудің дәстүрлі емес формаларын қолдану қажет. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-аналармен жұмыс істеудің әртүрлі дәстүрлі емес түрлері қолданылады. Нәтижесінде ата-аналар өз балаларын жақсырақ біле бастайды, өйткені оны басқа, өздері үшін жаңа жағдайда көреді, педагогтермен жақындаса түседі.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мектепке дейінгі ересек кезеңі — баланың алғашқы саналы адамгершілік қасиеттері пайда болып, жеке тұлғаның адамгершілік мәдениетін қалыптастыратын ең қолайлы кезең. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қарапайымдылық, ұқыптылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп тәрбиелеу өте маңызды. Бір жағынан ол ересектердің, ата-аналардың, педагогтердің балаларға белсенді ықпалынан, екінші жағынан — тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді.

Зерттеу тақырыбын бірізді, жүйелі қарастыра отырып, біз осы мәселе бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау нәтижесінде адамгершілік мәдениет ұғымының мәнін, мазмұнын мен негізін, сондай-ақ мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру ерекшеліктері мен жолдарын, балаларда адамгершілік мәдениеттің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған әдістемелерді іріктеп, зерттеу нәтижесін өңдедік. Талданған психологиялық-педагогикалық әдебиеттер мен зерттеу жұмысы негізінде біз мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың адамгершілік мәдениетін сәтті қалыптастыру үшін:

1. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардағы адамгершілік түсініктердің ерекшеліктерін білу.
2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда адамгершілік қасиеттерін анықтау әдістерін білу.
3. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда адамгершілік түсініктерді қалыптастырудың әдістері мен жолдарын білу.
4. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында осы бағыт бойынша кешенді жұмысты қамтамасыз ету қажет деген қорытындыға келдік.

Дегенмен де қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, адамгершілік қасиеттерге ие мәдениеті тұлға етіп тәрбиелеу — біздің қоғам алдындағы борышымыз.

Мақаланы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті (Грант AP14870561) қаржыландырды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы». — [Электрондық ресурс]. — Астана, 2022. — Қолжеткізу режимі: http://zerenda.aqmoedu.gov.kz/public/files/2022/11/3/031122_173233_1-tupr-kaz-utv.pdf.
- 2 Белгібаева Г.Қ. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың алғышарттары / Г.Қ. Белгібаева, Г.Б. Бейсенбекова // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. — 2023. — №2 (78). — Б. 294-302. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.78.2.032>.
- 3 Бродская Е.В. Роль нравственной культуры в формировании личности детей старшего дошкольного возраста [Электронный ресурс] / Е.В. Бродская. — Режим доступа: https://yopok.pf/library/rol_nravstvennoj_kulturi_v_formirovanii_lichnost_202033.html.
- 4 Асмолов А.Г. Ребенок в культуре взрослых / А.Г. Асмолов, Н.А. Пастернак. — М.: Юрайт, 2019. — 150 с.
- 5 Ушинский К.Д. Собрание сочинений [Текст] / К.Д. Ушинский. — М.: Просвещение, 1985. — 248 с.
- 6 Аверина Н.Г. О духовно-нравственном воспитании младших школьников / Н.Г. Аверина // Начальная школа. — 2005. — № 11. — С. 68–71.

7 Karmanova Zh.A. Technology of forming the moral culture of preschool children in the conditions of modernization / Zh.A. Karmanova, S.M. Abylaikhan, M.B. Alpysbayeva, N.A. Sadvakassova // Journal of Advanced Pharmacy Education & Research, 2022. — Vol 12. — Issue 3. — P. 99–106. DOI:10.51847/pJhPmEW1Ag.

8 Борзиева З.М. Нравственное воспитание дошкольников [Электронный ресурс] / З.М. Борзиева // Молодой ученый. — 2018. — № 50 (236). — Режим доступа: <https://moluch.ru/archive/236/54861/>.

Ж.А. Карманова, С.М. Абылайхан, Г.Б. Бейсенбекова, Г.К. Бельгибаева, М.К. Ельшина

Формирование нравственной культуры детей старшего дошкольного возраста

В статье рассмотрена проблема формирования нравственной культуры детей старшего дошкольного возраста. Говоря о том, что вопрос нравственного воспитания актуален и по сей день и стал одним из самых распространенных в исследованиях, он является одной из важнейших ценностей, определяющих социальные запросы, предъявляемые к системе воспитания личности, в которой сложилась нравственная культура на современном этапе развития общества и необходимость приобщения детей к системе нравственных ценностей. Авторы проанализировали различные определения и подходы к пониманию понятия «нравственная культура» в различных психолого-педагогических литературах. В.А. Сластенин, И.Ф. Харламов и многие другие известные психологи и педагоги понимают сущность нравственной культуры как усвоение и принятие индивидуальных нравственных норм, принципов, категорий, идеалов, а также выражают ее определенное отношение к другим людям, к себе, к своему труду, к природе. Авторы также считают, что старший дошкольный возраст является сензитивным к развитию нравственной культуры. В.А. Сухомлинский считает, что неизменная основа нравственных установок возникает в детстве. Старшие дошкольники начинают осознанно понимать нравственные требования и правила, могут предвидеть последствия своих действий. В статье определены методики изучения нравственной культуры детей старшего дошкольного возраста и показатели уровней развития нравственных качеств, сделаны заключительные выводы по результатам исследования.

Ключевые слова: нравственность, нравственное воспитание, самовоспитание, сензитивный период, нравственные качества, нравственное сознание, нравственная культура, нравственная культура личности.

Zh.A. Karmanova, S.M. Abylaikhan, G.B. Beisenbekova, G.K. Belgibayeva, M.K. Yelshina

Formation of the moral culture of older preschool children

The article deals with the problem of forming the moral culture of older preschool children. Speaking about the fact that the issue of moral education is relevant to this day and has become one of the most common in research, it is one of the most important values that determine the social demands placed on the system of personal education, in which a moral culture has developed at the present stage of society development, and the need to introduce children to the system of moral values. The authors analyzed various definitions and approaches to understanding the concept of “moral culture” in various psychological and pedagogical literatures. V.A. Slastenin, I.F. Kharlamov, and other many well-known psychologists and educators understand the essence of moral culture as the assimilation and acceptance of individual moral norms, principles, categories, ideals, and also express its definite attitude to other people, to themselves, to their work, to nature. The authors also believe that the senior preschool age is sensitive to the development of moral culture. V.A. Sukhomlinsky believes that the immutable basis of moral attitudes arises in childhood. Older preschoolers begin to consciously understand the moral requirements and rules, can foresee the consequences of their actions. The article defines the methods of studying the moral culture of older preschool children and indicators of the levels of development of moral qualities, the final conclusions are made based on the results of the study.

Keywords: morality, moral education, self-education, sensitive period, moral qualities, moral consciousness, moral culture, moral culture of the individual.

References

1 (2022). Qazaqstan Respublikasy Oqu-agartu ministrinin 2022 zhyly 14 qazandagy N 422 buirygynyn qosymshasy saikes «Mektepke deiingi tarbie men oqytudyn ulgilik oqu bagdarlamasy» [According to the annex to the order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated October 14, 2022 No. 422 “Standard curriculum of preschool education and training”]. Retrieved from http://zerenda.aqmoedu.gov.kz/public/files/2022/11/3/031122_173233_1-tupr-kaz-utv.pdf [in Kazakh].

2 Belgibayeva, G.K., & Beisenbekova, G.B. (2023). Mektep zhasyna deyingi balalardyn adamgershilik madenietin qalyp-tastyrudyn algysharttary [Prerequisites for the formation of a moral culture of preschool children]. *Abay atyndagy Qazaq ulttyq*

pedagogikalyq universitetinin khabarshysy — Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Series "Pedagogical sciences", 2(78), 294-302. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.78.2.032> [in Kazakh].

3 Brodskaya, E.V. (2022). Rol нравstvennoi kultury v formirovanii lichnosti detei starshego doshkolnogo vozrasta [The role of moral culture in the formation of the personality of older preschool children]. Retrieved from https://ypok.pф/library/rol_nravstvennoj_kulturi_v_formirovanii_lichnost_202033.html [in Russian].

4 Asmolov, A.G. (2019). Rebenok v kulture vzroslykh [The child in adult culture]. Moscow: Yurait [in Russian].

5 Ushinskiy, K.D. (1985). Sobranie sochinenii [Collected works]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].

6 Averina, N.G. (2005). O dukhovno-nravstvennom vospitanii mladshikh shkolnikov [About the spiritual and moral education of younger schoolchildren]. *Nachalnaia shkola — Primary school, 11*, 68–71 [in Russian].

7 Karmanova, Zh.A., Abylaikhan, S.M., Alpysbayeva, M.B., & Sadvakassova, N.A. (2022). Technology of forming the moral culture of preschool children in the conditions of modernization. *Journal of Advanced Pharmacy Education & Research, 12* (3), 99–106. DOI:10.51847/pJhPmEW1Ag.

8 Borzieva, Z.M. (2018). Nравstvennoe vospitanie doshkolnikov [Moral education of preschoolers]. *Molodoi uchenyi — Young scientist, 50* (236). Retrieved from <https://moluch.ru/archive/236/54861/> [in Russian].

Information about authors

Karmanova, Zh.A. — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan;

Abylaikhan, S.M. — Master of Pedagogical Sciences, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan;

Beisenbekova, G.B. — Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan;

Belgibayeva, G.K. — Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan;

Yelshina, M.K. (contact person) — Master of Pedagogical Sciences, Senior lecturer, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: m.yelshina@mail.ru, ORCID 0000-0003-3912-3959.